

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша алдағы және мерзімі өткен төлемдерді өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 22 маусымдағы N 580

Қазақстан Республикасының шетелдік несие берушілердің алдындағы міндеттемелерін орындау және дефолт фактілеріне жол бермеу, сондай-ақ бұрын берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдардың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 6 қарашадағы N 13-6/И-947, 1992 жылғы 3 желтоқсандағы N 13-18/И-1019, 1993 жылғы 10 мамырдағы N 26-15/116, 1993 жылғы 19 мамырдағы N 26-15/136, 1993 жылғы 25 мамырдағы N 26-15/144, 1993 жылғы 25 мамырдағы N 26-15/145, 1993 жылғы 7 маусымдағы N 26-15/8347, 1994 жылғы 29 маусымдағы N Ф22-3/42, 1995 жылғы 24 наурыздағы N Ф22-3/3/4016, 1995 жылғы 8 маусымдағы N Ф22-3/8, 1995 жылғы 1 желтоқсандағы N 0000002 және N 0000003, 1996 жылғы 23 қыркүйектегі N 001 және N 002 берілген мемлекеттік кепілдіктері және Әлембанк (бұрынғы Қазсыртқызэкономбанк) білдірген Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Австрия Федералдық Қаржы министрлігінің арасындағы 1994 жылғы 19 желтоқсандағы Келісімге Өзгерістерге сәйкес, шетел банктері шоттарының негізінде дәрменсіз заемшылар үшін алдағы және мерзімі өткен төлемдерді (1, 2-қосымшалар), сондай-ақ есептелген айыппұл сомаларын төлем жасалған күнгі бағамдық айырманың өзгеруін ескере отырып, 1998 жылға арналған республикалық бюджетте "Өтеу шегерілген несиелендіру" бөлімі бойынша көзделген қаражаттың шегінде төлесін;

2) заемшылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды пайдалану жөніндегі қызметіне қаржылық тексеріс жүргізсін және оларды пайдалануда тәртіп бұзу фактілері анықталған жағдайда кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапқа тарту мақсатында материалдарды құқық қорғау органдарына, соттарға берсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі алынған қаражаттың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету жөнінде барлық қажетті шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық полициясы комитеті заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттің кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы

заемдар бойынша қаржылық міндеттемелерін орындамаған адамдарды жауапқа тарту
жөнiнде шаралар қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен мемлекеттік

Экспорт-импорт банкі 1998 жылдың 5 тамызына дейінгі мерзімде
Қазақстан Республикасының Үкіметіне қаржылық міндеттемелері
республикалық бюджеттің қаражаты есебінен орындалған заемшыларға
қатысты қабылданған шаралар туралы хабарласын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 22 маусымдағы
N 580 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі
бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды өтеу жөніндегі
мерзімі өткен төлемдердің

СОМАСЫ

Заемшы ұйым	Төлем	Төлем күні	Төлем сомасы	Негізгі борыш	
валю.					
тасы					
Германия несие желісі					
"Екібастұзкөмір" МАҚ DM	01.02.98	483631,63	483631,63		
"Екібастұзкөмір" МАҚ DM	08.01.98	12262,56			
"Екібастұзкөмір" МАҚ DM	01.04.98	966153,56	767550,00		
"Ақмола жаңа құрылыс DM	31.12.97	4903028,01	4129326,10		
индустриясы" ЖҰАҚ					
Павлодартрактор DM	25.03.98	23602,46			
"Азат" концерні DM	25.03.98	16017,26			
"Құрылысфарфор" АҚ DM	26.03.98	8238,56			
"Ауылшармаш" АҚ DM	23.04.98	3568,84			

"Ауылшармаш" АҚ	DM	23.04.98	2356,90		
Барлығы	DM	6418859,78	5380507,73		

Проценттер		Басқалары
------------	--	-----------

- 1.
- 2.
3. 12262,56
4. 198603,56
5. 773701,91
6. 23602,46
7. 16017,26
8. 8238,56
9. 3568,84
10. 2356,90
11. 972305,47 66046,58

Қазақстан Республикасы
 Үкіметінің
 1998 жылғы 22 маусымдағы
 N 580 қаулысына
 2-қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі
 бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды өтеу жөніндегі
 алдағы төлемдердің

СОМАСЫ

Заемшы ұйым	Төлем	Төлем күні	Төлем сомасы	Негізгі борыш	
валю.					
тасы					
Германия несие желісі					

- | | | | | | |
|-------------------------------|----|----------|-----------|-----------|--|
| 1. "Прибор-Алма. троникс" ҒТБ | DM | 02.06.98 | 275376,88 | 267639,50 | |
| 2. Тұран-Агро | DM | 02.06.98 | 554513,77 | 484482,50 | |

3. "Теплоприбор" АҚ	DM	02.06.98	1913039,25	1630257,50	
---------------------	----	----------	------------	------------	--

АҚШ несие желісі					
------------------	--	--	--	--	--

4. "Тағам" МАК	USD	15.06.98	2074516,59	1651268,86	
----------------	-----	----------	------------	------------	--

5. "Кең дала" АҚ	USD	30.06.98	640000,00		
------------------	-----	----------	-----------	--	--

Австрия несие желісі					
----------------------	--	--	--	--	--

6. "Фосфор" ӨБ	USD	30.06.98	57100,00	38500,00	
----------------	-----	----------	----------	----------	--

Барлығы:	DM		2742929,90	2382379,50	
----------	----	--	------------	------------	--

	USD		2771616,59	1689768,66	
--	-----	--	------------	------------	--

Проценттер		Басқалары
------------	--	-----------

1. 7737,38

2. 70031,27

3. 282781,75

4. 423247,73

5. 640000,00

6. 18600,00

7. 360550,40

8. 1081847,73
